

• БАЙҚАУ

Мамырдың 13-жұлдызында Қарағандыдағы Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында қазақ әдебиетінің классигі, дауылпаз ақын, жерлесіміз Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Дүниеге келер әлі талай Қасым...» атты II облыстық мүшәйра және Қасым өндерінің байқауы болып өтті. Туғанына ғасыр толған ғажайып ақынның тойы әуелеген әнімен, жас дарындардың жарқылдаған алмас жырымен басталды.

Әлбетте, облыс көлемінде жыл басынан бері ақын мерейтойына арналған үлкенді-кішілі бірнеше мәдени шара ұйымдастырылған тұғын. Бірақ, көпшілік көптен күткен шаралардың бірегейі осы мүшәйра мен ән байқауы. Себебі, Қасым - қазақ поэзиясына құбылыс боп келген, «Шығыстың аласа аспанын, найзамен көтеріп тастаған», жырына сыры егіз, әні тете-тел сан қырлы тұлға еді ғой. Облыстық мәдениет басқармасы, ішкі саясат департаменті және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған осынау шараға облыстың түкпір-түкпірінен 35 ақын, 23 әнші ұсыныс білдіріп қатысты. Сәкен театрында өткен ақтық сын, ақырғы кезеңге 16 мен 44 жас аралығындағы отыз бес жазарманның 12-сі, жиырма үш талапкер әншінің 11-і жолдама алып келген болатын. **Екі көзеңнен** тұрған қос байқаудың қазылар алқасы да Қасым жыры мен әнін сүйетін, қастерлеп, қадір тұтатын өнер тұлғаларынан құралды. Қазылар құрамының төрағасы белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, жерлесіміз Ғалым Жайлыбай болды. Жас ақындар ұсынған шығармаларды саралаған қазылар алқасы құрамында қос Серік - Астанадан белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Серік Тұрғынбеков және өз жерлесіміз, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, одан өзге де зор атақтары бар Серік Ақсұңқарұлы, «Болашақ» университетінің ректоры, өнер жанашыры, ғалым Нұрлан Дулатбеков, «Парасат»

# «ДҮНИЕГЕ КЕЛЕР ӘЛІ ТАЛАЙ ҚАСЫМ...»

Қарағандыда ақын мерейтойына арналған мүшәйра мен ән байқауы қорытындыланды



орденінің иегері, мәдениет саласының майталманы Рымбала Омарбекова, «Орталық Қазақстан» газетінің Бас редакторы, белгілі қаламгер Мағауия Сембай болған тұғын. Ал, әншілер байқауына әйгілі әншілер, ел көлемінде танымал атақ-абырой иелері Жақсыгелді Кемалов пен Мейірхан Адамбеков, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің оқытушысы Күлзаир Жүнісов пен Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Сержан Мұсайын қазылық етті.

Ерте көктемде жария болып, мамырдың басына дейін талапкерлерден қабылданған өлең-

дер сараланған соң, ақтық кезең салтанатты кеш барысында қорытындыланды. Кешті Тәттімбет атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрі Тәттекеңнің «Сарыжайлауымен» ашып, танымал әншілер Дәуренбек Әрқенов, Мейірхан Адамбеков, Талғат Ыдырысовтар Қасым өндерін шырқады. 800 адам жиналған поэзия кешіндегі Қасым рухы қуаттандырған асқақ аураны облыс әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев әлқисса беташар сөзімен одан әрі аспандата түскендей болды.

Мұнан соң дереу ақындар мен әншілер кезегімен сахнаға шығып,

өз жырлары мен сырларын жұртқа паш етті. Үш сағатқа дерлік созылған сайыста Қасымға және ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған жырлар мен ақынның өзі шырқаған сырлы өндер, кейінгі қазақ сазгерлері ақын сөзіне жазған сазды әуендер шырқалды.

Кешті қорытындылаған облыстық мәдениет басқармасының бастығы Бекболат Байсағатов және қазылар алқасының төрағасы Ғалым Жайлыбай жас дарындардың жүлделі жырлары Қасым тойының сүйіншілі хабырындай болғанын тілге тиек етті.

(Жалғасы 4-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен, ән байқауының қорытындысы бойынша бас бәйгені Қарқаралының Бесоба ауылынан келген сыршыл әнші 23 жасар Ерлан Сепкрай иеленді. Жүлделі бірінші орынды

кен он екі ақынның қай-қайсы болмасын қара өлеңнің қасиетін ұғынған дарындар болды. Олардың арасында жыр жинақтары жарық көрген Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Шабыт» фестивалінің лауреаты Руслан Нұрбай,

деп бағалады қазылар. Бірінші орынды танымал тарлан Бағдат Мүбәрак алса, екінші орынға жас жауқазын Ақерке Асан мен Ілияс Мұқай, үшінші орынды жыр әлеміне жаңа есім боп еніп, үмітін үкілеген Жәнібек Әлиманов және Мақсат

# «ДҮНИЕГЕ КЕЛЕР ӘЛІ ТАЛАЙ ҚАСЫМ...»

«Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің әншісі Динара Ахметжанова алса, тағайындалған екі екінші орынды Шет ауданынан келген Еркебұлан Ахметов пен Қасым ауылынан түлеген жас пері Сырым Қордин бөлісті. Үшінші орынды ақтоғайлық Сәттар Сәрсенқұлов пен қарағандылықтар Ришат Шәбденов пен Серікбол Жекенов бөлісті. Өзге де жас әншілерге дипломант атағы беріліп, сый-сияпат үлестірілді.


Бағдат Мүбәрак, Рахат Әбдірахмановтар да бар. Ал, дәл мүшәйра болған күні балқаштық маңғаз ақын Ілияс Мұқай мен қарағандылық Қайрат Асқардың «Жалын» баспасынан тұңғыш жинақтарының сүйінші данасы шықты деген қуанышты хабар жетті Қарағандыға.

Сонымен, Қасым мүшәйрасының Бас жүлдесі тастүлек қыран, «Орталық Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, болашағынан зор





Қасым тойының айшықты сәті мүшәйра та- үміт күттіретін Жанат Жаңқашұлына бұйырды. лапкерлері оқыған жырлармен шуақтана түскені Жанаттың жыры Қасым жырларымен рухтас, анық. Бұл жолғы додаға түскен, ақтық сынға өт- үндес, асау мінез бен сыршыл лирикаға толы



Күземханов, сондай-ақ сыршыл ақын Қайрат Асқаровтар бөлісті. Кез келген мүшәйраның бірегей мақсаты жаңа есім, жас дарындарды анықтау боп саналатындықтан, ел танып, бағалап жүрген Руслан Нұрбай, Рахат Әбдірахманов, Рауан Қабидолдин, Алмаз Мырзахметов, Қуаныш Аманқұловтар арнаулы атаулы сыйлықтарға ие болды.

Дүбірлі тойдың бастауы сынды мүшәйра мен ән байқауы Қасым әлеміне жаңа жырлар мен жаңа



есімдер келгенін көрсетті. Өнші Ерлан Сепкрай мен мектеп оқушысы Жансая Әкішева сынды жаңа дарындар Арқа ән мектебінің қатары сырлы үні бөлек әншілермен толыға түсетінін аңғартты. Ал, ақындар арасында Жәнібек Әлиманов пен Мақсат Күземханов, Жанат Жаңқашұлы есімдері Қарағанды жыр көшінің жаңа белестерге талпынған қадамын көрсеткендей болды...

Дауылпаз Қасымды, Дара Қасымды, Ұлы Қасымды жырға қоспаған қазақ ақыны кемде-кем. Кешегі Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Есмағанбет Ысмайылов, Тәкен Әлімқұловтар және өзге де көптеген замандас іні-бауырлары естеліктері мен жырларын өрсе,

«Көктегі еріп мен асау жасындарға,  
Сапар шектім шаң басқан ғасырларға.

Қара сөзін көп елдің түсінбедім -

Ғашық болып қалдым да Қасымдарға!» - деп Ақсұңқарұлы жырға қосқан болатын. Жерлесіміз Жүрсін Ерман Қасым тұрған ескі үйде - Алматыдағы Виноградов көшесінде ақынмен көрші тұрғанын «Қасымның үйі» атты жырында былай толғайды:

«Тұлпарым еді жыр көшіндегі,  
Бауырын жазып бір көсілмеді.  
Қиратып жатыр Қасымның үйін,  
Біздің үйі соның іргесінде еді!»

Бұл - поэзия падишасы Қасымға ғана емес, кеңестік қатал цензура кеудесінен кері итерген талай ақынға арналған өлең деп қабылдауға тұрарлық дүние.

Ап, мүшәйраға қатысқан жас дарындардың жырлары аға буын жырлаған, аға буын сомдаған Қасым тұлғасына қойылған гүл шоқтары сынды әсер қалдырды. Дүниеге келер талай жасын мен Қасымсүйгіш өрендер Қарағанды аспанын әлі талай қиқуға толтырары анық.

**Серік САҒЫНТАЙ.**

Орталық Қазақстан. - 2011. -  
17 мамыр (№ 77). - 1 б.